




ТЫҢДАРМАН ОҚЫРМАНҒА АЙНАЛСА

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ДӘСТҮРЛІ ЕМ ЗАМАНАМЕН ҮЙЛЕСЕ МЕ?

6-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Газет – ел мұңына, ел жай-күйіне
араласып көрсететін айна десек,
мақсатсыз айна емес. Мақсатты
айна. Үкімет газет жүзінен көріп,
ел жайына қарап тон пішеді,
жаңа заң шығарады.

Қошке КЕМЕҢГЕРҰЛЫ

”

№72
(4816)
Сенбі
21 маусым
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



200-ден АСТАМ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

2025-2026 оқу жылында 300 мыңнан астам оқушы орнына есептелген 200-ден астам жаңа мектеп салу жоспарланып отыр.

Соның ішінде 206 мың оқушы орнына арналған 112 мектеп «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында пайдалануға беріледі. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, жаңа мектептердің жартысына жуығы ауылдарда орналасады. Бұл жобаларды жүзеге асыру қала мен ауыл мектептері арасындағы алшақтықты азайтуға, 15 апатты мектеп мәселесін шешуге, үш ауысымды оқытуды және 150 мыңға жуық оқушы орны тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

СЕРПІНДІ ДАМУҒА БЕТБҰРЫС

Елордадағы құрылыс, өндіріс және әлеуметтік сала нысандары қарқынды дамып келеді. Осы бағыттағы жұмыстармен танысу мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар маңызды мекемелерге арнайы барды. Президент «Мыңжылдық» аллеясының абаттандырылуын көріп, заманауи зауыттар мен медициналық бұйымдар көрмесін аралады, жаңа теміржол вагондары мен спорт инфрақұрылымы жобаларына назар аударды. Бұл сапар – Астананың өркендеуі мен ел дамуы жолындағы нақты істерге берілген бағамен ұштасып жатыр. Елордада іске асып жатқан бұл бастамалар – Қазақстанның жаңа даму кезеңіндегі нақты қадамдардың көрінісі.

21-22
МАУСЫМДА

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 жұмыс істейді.

ТЫНЫШТЫҚ ТІРЕГІ

23 маусым – Қазақстан полициясы күні. Полицияның кәсіби әрекетінің арқасында Астанада ауыр қылмыстар азайып, құқық бұзушылықтарға тосқауыл күшейді. Қалада 200 мыңнан астам бейнекамера орнатылып, заманауи цифрлық жүйелер енгізілді. Қылмыспен күресте учаскелік пункттер көбейіп, интернет-алаңқтық пен есірткі бизнесіне қарсы арнайы құрылымдар жұмыс істеуде. «Полиция – халыққа жақын болуы керек» деген ұстаныммен тәртіп сақшылары қадамдық қолжетімділік қағидатымен еңбек етуде.

4



«Арғымақ» спорт кешені

20-22 маусым

КОНКУР
БОЙЫНША
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
КУБОГЫ ӨТУДЕ

21.06.2025 ж.

Уақыты: 10:00 – «Б» тобы, 3-ші маршрут, 125 см

Уақыты: 14:00 – «А» тобы, 4-ші маршрут, 140 см дейін

22.06.2025 ж.

Уақыты: 10:00 – «Б» тобы, 5-ші маршрут, 130 см

Уақыты: 14:00 – «А» тобы, 6-шы маршрут, 145 см



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 596.03 \$ USD/KZT 519.55 ₸ RUB/KZT 6.58 ¥ CNY/KZT 72.29

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



(Соңы. Басы 1-бетте)

«МЫҢЖЫЛДЫҚ»
АЛЛЕЯ АСТАНАҒА
СӘН ҚОСАДЫ

Мемлекет басшысы Астана-
дағы «Мыңжылдық» аллеясын
абаттандыру жұмыстарымен
танысты.

Жоспар қаланың оңтүстік
бөлігіндегі 942 гектарды қамти-
ды. Сарайшық ауданындағы
желілік саябақ тұрғын үйлер
кешені мен әлеуметтік ны-
сандар, мектептер, теміржол
вокзалы, скверлер, көшелер
мен жаяу жүргіншілер және
велосипед жолдарының арасын
жалғайды.

Астана қаласының әкімі
Жеңіс Қасымбек вокзал маңы-
ндағы саябақ ауданның бетке-
уістар мүйісіне айналатынын
айтты. Мұнда ойын алаңдары,
амфитеатр және аллеялар салу
жоспарланған.

Былтыр «Қазақ елі» алаңында
ағаштар егіліп, дизайнерлік
қақпақтар орнатылды, шамдар
мен басқа да сәулеттік қалыптар
жаңартылды. Биыл ең әуелі
Байтұрсынұлы, Нұрмағамбетов,
Нәжімеденов көшелері мен
Тәуелсіздік даңғылы маңындағы
тұрғын үй кешендерін қамтитын
желілік саябақты абаттандыру
жұмыстары басталады.

Әкімнің айтуынша, қала
дамуында Тұран даңғылының
батыс жағындағы GreenLine
бульвары ерекше маңызға ие.
Шаһардың халық тығыз орна-
ласқан ауданымен жалғайтын
бульварда веложолдар, балалар
мен спорт алаңқайлары, ты-
нығатын демалыс аумақтары
болады.

Аталған жобалар қаланы
дамутудың көпорталықты
модельіне сәйкес жүзеге асыры-
лады. Яғни тұрғын үй, жұмыс,
қызмет көрсету мен рекреа-
ция орындары қолжетімді әрі
бір-біріне жақын болуға тиіс.

ЗАМАНАУИ ӨНДІРІС
ПЕН БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІК КЕПІЛІ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа
кәсіпорын Kindus оңтүстік-
корейлік өндірісінің жоғары
технологиялы автоматтанды-
рылған желісімен жабдықталған
және баяндалды. Зауыт
жылына 1,8 миллион шаршы
метрге дейін өнім шығара
алады.

Мұнда заманауи жабдықтар-
мен және технологиямен жұ-
мыс істеу үшін Kindus-тың
инженерлерді оқыту курсынан
өткен 50 маман еңбек етеді.
Бүгінде сэндвич-панелдер
өнеркәсіптік, логистикалық,
әкімшілік, спорттық және басқа
да нысандардың құрылысын
жүргізуде сұранысқа ие екені
айтылды.

Мемлекет басшысы еңбек
ұжымымен әңгімелесу бары-
сында зауыттың бәсекеге қа-
білеттілігін арттыруға басым-
дық беретініне және еліміздің
инфрақұрылымын дамытуға

СЕРПІНДІ ДАМУҒА БЕТБҰРЫС



зор үлес қосатынына сенім
білдірді.

ОТАНДЫҚ КӨЛІК
ӨНДІРІСІНЕ
ОҢ БАҒАСЫН БЕРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев KIA
маркалы арнайы және ком-
мерциялық техникалар құрас-
тыратын зауыт жұмысымен
танысты.

Кәсіпорын іске қосылған
2022 жылдан бері 700-ден аса
автокөлік шығарған. Өндіріске
құйған инвестицияның жалпы
көлемі 11 миллиард теңгеден
асты. Мұнда өндірушілерден
жеткізілген бөлшектерді дә-
некерлеу, сырлау, шаңақ мон-
таждау жұмыстары атқарылады.
Сонымен қатар коммерциялық
автокөліктерге арналған қосым-
ша жабдықтар өндірісі жолға
қойылған. 240 маман тұрақты
жұмыспен қамтылған.

Компания өндірістік қуаты
мен өнім түрін кеңейту үшін
басқа да халықаралық бренд-
термен келіссөз жүргізіп жатыр.

Президент еңбек ұжымына
табыс тілеп, KIA Bongo авто-
көлігінің шаңағына естелік
қолжазба қалдырды.

ЕЛОРДАЛЫҚ
КӘСІПОРЫНДАР
КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

Президент медициналық
мақсаттағы бұйымдар шығаратын
елордалық кәсіпорындар
көрмесін тамашалады. Мем-
лекет басшысына Heart Center
Foundation қоғамдық қорының
өкілдері Қазақстандағы кардиохирургия мен трансплан-
тологияны дамыту миссиясы
туралы әңгімеледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа
биыл мамыр айында ALEM

инновациялық аппаратын
зауыт құрылысы
басталғаны жөнінде ақпарат
берілді. Қазақстандық инженер-
лер мен UMC Жүрек орталығы
дәрігерлерінің бірегей жұмысы
заманауи трансплантологиядағы
басты мәселе саналатын донор-
лық органды сақтау уақытының
шектеулілігін шешуді көздейді.

Жүректің ишемиялық аурула-
рының түрлі формаларын емдеу
ісіне Назарбаев университеті
технопаркінің базасында іске
асырылған жоба да өз үлесін
қоспақ. «INT Central Asia» ЖШС-і
испаниялық Iberhospitex S.A
компаниясының технология-
сын әкеліп, интервенциялды
кардиологияда қолданылатын
коронарлық стент пен баллон-
дық кататер өндірісін жолға
қойды.

Eiga Med фармацевтикалық
кешені Еуропа Одағы елдері

мен АҚШ-тан келетін меди-
циналық бұйымдар импортын
алмастырумен және техноло-
гияны трансферлеумен бел-
сенді түрде айналысады. Бұдан
бөлек, Президентке Kazecotech
калық жетістіктері көрсетілді.
Соңғы үш жылда компания ең
үздік әлемдік стандарттарға сай
келетін 250-ден астам протез
дайындап, 500 адамды Ottobock
мүгедек арбасымен қамтама-
сыз еткен.

Көрмені аралаған соң
Қасым-Жомарт Тоқаев отандық
фармацевтика индустриясы
мен медицина бұйымдары
өндірісін дамытудың маңызын
атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-
Жомарт Тоқаев MFA International
компаниясының елордадағы
кәсіпорнын аралап көрді. Бұл –
индустриялық респиратор мен

газтұтқы шығаруда Түркиядағы
ең ірі және Еуропадағы үштікке
енетін компания.

2020 жылы пандемияның
шарықтау шағында MFA Maske
компаниясы қызмет аумағын
кеңейту жөнінде шешім қа-
былдап, Қазақстанға инвести-
ция құйған болатын. Астанада
медициналық, өнеркәсіптік
респираторлар, газға қарсы
уланудан, сондай-ақ химиялық,
биологиялық, радиологиялық
және ядролық қатерден сақтай-
тын газтұтқы шығаратын зауыт
құрылысын бастады. Жоба құны
– 10 миллион доллар. Компа-
нияның жеке инвестициясы
есебінен салынып жатыр.

STADLER KAZAKHSTAN
ЗАУЫТЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысына Stadler
Kazakhstan зауыты шығарған
алғашқы жолаушылар вагоны
таныстырылды.

Жаңа вагондардың басты ар-
тықшылығы – жолаушылардың
жайлылығы мен қауіпсіздігін
арттыруды көздейтін заманауи
кәсіпорнының ғылыми-техни-
калық жетістіктері көрсетілді.
Соңғы үш жылда компания ең
үздік әлемдік стандарттарға сай
келетін 250-ден астам протез
дайындап, 500 адамды Ottobock
мүгедек арбасымен қамтама-
сыз еткен.

Кәсіпорын купе, плацкарт
және қозғалысы қиын жолау-
шылар үшін арнаулы вагондар
шығарады. Биыл 51 вагонды,
ал 2030 жылға дейін 557 жаңа
вагонды пайдалануға беру
жоспарланған. Бұл ұлттық
тасымалдаушының вагон пар-
кін толығымен жаңартуына
мүмкіндік береді. Өндірісті
локализациялауға қазақстан-
дық кәсіпорындар тартылған.

Президент теміржол сала-
сының жұмысшыларымен әң-
гімелесті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа
теміржол қатынасы жүйесін
жаңғырту барысы жөнінде есеп
берілді. Бүкіл ел бойынша 125
вокзалға жөндеу жұмыстары
жүргізілуде. Халықаралық серік-
тестермен бірлесіп, жолаушы
тасымалдау жүйесіндегі қызмет
көрсету сапасын арттыруға
және өңірлердегі көлік байла-
нысын жақсартуға бағытталған
шешімдер енгізіліп жатыр.

Атап айтқанда, отандық IT
компаниялар жолаушыларға
арналған бірыңғай цифрлы
платформа әзірледі. Бұл билет
сатып алудан бастап туристік
қызмет көрсетуге дейінгі көп-
теген функцияны біріктіреді.
Сондай-ақ пойыздар спутник-
тік интернетке қосылады. Қа-
уіпсіздікті күшейту мақсатында
видеотіркеулер, мобильді тер-
миналдар, жасанды интеллект
технологиясы негізінде мәлімет-
терді талдауға қабілетті 4 мың
камера пайдаланылады.

«ЖЕҢІСКЕ ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ
ЖЕТКІЗЕДІ»

Елорда нысандарын аралау
барысында Президент Қасым-
Жомарт Тоқаев «Дәулет» МКҚК
теннис орталығының қызме-
тімен танысты.

Кешенде 600 бала, олардың
ішінде 85 оқушы бюджет есебі-
нен жаттығады. Сондай-ақ
мұнда 57 спорттық-сауықтыру
тобы жұмыс істейді.

«Дәулет» орталығы – елорда-
дағы балалар ең көп баратын,
соның ішінде ерекше қажеттілігі
бар спортшыларды да қам-
титын әлеуметтік-спорттық
нысандардың бірі.

Биыл мамыр айында орталық
базасында Азия құрлығында
алғаш рет Virtus World Tennis
Championship 2025 – ақыл-ой
кемістігі бар спортшылар ара-
сында теннистен әлем бірін-
шілігі өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бекзат
Саттарханов атындағы спорт
кешенін аралап көрді. Мем-
лекет басшысы жеке инвес-
тордың қаржысына салынып,
биыл пайдалануға берілген
көпфункционалы ғимараттың
қызметімен танысты.

Елордада орналасқан кешен-
де түрлі деңгейдегі спорттық
іс-шаралар, сондай-ақ халыққа
арналған сауықтыру және демалыс
бағдарламалары ұйымдас-
тырылады.

Нысан аумағында футбол,
волейбол мен баскетбол алаңда-
ры, бокс, дзюдо, қазақ күресі
және басқа да спорт түрлерімен
шұғылдануға арналған жекпе-
жек залдары бар.

Президент бұқаралық спортты
дамыту үшін осындай кешен-
дерді көптеп салу қажет екенін
айтты. Сондай-ақ жас боксшы-
лармен және футболшылармен
әңгімелесіп, олардың келешекте
әлем, олимпиада чемпиондары
болуына тілектестік білдірді.

– Бұл үшін, ең алдымен, еңбек
ету керек, табандылық қажет.
Жеңіске тек еңбекқорлық қана
жеткізеді, – деді Мемлекет
басшысы.



КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК, ТАБЫСТЫ ТАЛҚЫ

Астанада мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жөніндегі ІІІ форум өтті. Іс-шара мемлекет пен жекеменшік сектордың инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды іске асырудағы әріптестік перспективаларын талқылауға арналған диалог алаңы болды.

Форумды Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының қолдауымен ұйымдастырды.

Форумға жергілікті атқарушы органдардың, министрліктер мен ұлттық компаниялардың, қаржы институттарының, бизнес бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдерін қоса алғанда, 100-ге жуық қатысушы жиналды. Іс-шараны қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нүркенов құттықтау сөзімен ашты.

Пленарлық сессия мен сараптамалық панельдер аясында МЖӘ дамытуға қатысты негізгі сын-қатерлер мен жаңа тәсілдер талқыланды. «ҚазОрталықМЖӘ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айдос Көбегов, «Бәйтерек» ҰБХ басқарушы директоры Әлия Мырзағалиева,

«TutarHealthcare» ҰАО басқарма төрағасының орынбасары Асқар Хорошаш, «МЖӘ және инвестициялар саласындағы тәуелсіз сарапшылар қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Арман Тілеубаев және халықаралық консультант Ремир Мукумов сөз сөйлеп, Өзбекстандағы МЖӘ реформалары мен құралдары тәжірибесін таныстырды.

Негізгі назар мемлекеттік қолдау шараларына, жеке инвестицияларды тарту тетіктеріне, өңірлік жобаларды дамытуға және МЖӘ аясында іске асырылатын бастамалардың әлеуметтік әсерін бағалауға арналды.

Панельдік пікірталасты қоғам қайраткері және сарапшы Рахым Ошақбаев жүргізді. Пікірталасқа баяндамалармен сөз сөйлеген негізгі спикерлер қатысып, Қазақстандағы МЖӘ дамуының практикалық аспек-

тілерін тереңірек талқылауға мүмкіндік берді.

Форум қорытындысы бойынша МЖӘ тетігін дамыту, кедергілерді азайту және мұндай жобаларды іске асыру тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар жасалды. Сонымен қатар, реттеушілік талаптарды жеңілдету мен инвесторлар үшін жағдайды жақсарту қажеттігі атап өтілді.

Форумға қатысушылар МЖӘ бұл тәуекелді және күмәнді емес, керісінше, бюджеттік ресурстар тапшылығы жағдайында әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымды іске асыруға арналған тиімді әрі дәлелденген құрал екендігіне ерекше назар аударды. Форум мемлекетпен әріптестіктің ашық, өзара тиімді және орнықты болуы, сондай-ақ қоғам үшін маңызды нәтиже бере алатыны туралы ортақ түсініктің қалыптасуына ықпал етті.

МУЗЕЙЛЕРГЕ ЖАҢА ЛЕП КЕРЕК

Астаналық Қоғамдық кеңес мүшелері мәдени нысандарға мониторинг жүргізді.

«Қоғамдық экобақылау» бастамасы аясында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері елордадағы бірқатар мәдени мекемелерге арнайы барып, олардың жұмысымен танысты. Мониторинг барысында Қоғамдық кеңесінің мүшелері Сәкен Сейфуллин музейі мен Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығын аралады.

– Сәкен Сейфуллин музейі – аса маңызды тарихи-мәдени нысан. Бұл жерге еліміздің түкпір-түкпірінен жастар келіп, бабаларымыздың рухани-мәдени мұрасымен танысады. Музей өз деңгейінде жұмыс істеп тұрға-

нымен, Сәкен өміріне қатысты жаңа деректер мен жәдігерлер табылып жатыр. Сондықтан музей аумағын кеңейту қажеттігі туындап отыр, – деді Қоғамдық кеңестің төрағасы Зұлфұхар Ғайыпов.

Кездесу барысында музей ісіне заманауи тәсілдер енгізудің маңыздылығын атап өтті.

– Қазіргі таңда музейлер жаңаша форматты қажет етеді. Жастарға тарихи құжаттарды оқып шығу жеткіліксіз, олар тарихты көзбен көріп, сезінгісі келеді. Осыған орай Астанада музей ісін жаңғырту мәселесі көтеріліп отыр, – деді Астана қаласы әкімдігіне қарасты Біріккен музейлер

дирекциясының директоры Сергей Солодовников.

Сапар қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері музейлерді дамытуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеп, қалалық әкімдікке ресми хат жолдайтындарын мәлімдеді. Ұсыныстардың ішінде экспозицияны толықтыру және қажетті қаржыландыру мәселелері бар. «Біз екі музейге барып, олардың қазіргі жағдайын бағалап, даму жоспарын талқыладық: қандай экспонаттар қосылуы керек, қандай қаражат қажет болады және т.б. Соның негізінде Қоғамдық кеңес тарапынан әкімдікке нақты ұсыныстар жолданады, – деді Қоғамдық кеңес мүшесі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғазы.

ПОЛИЦИЯ НЫСАНДАРЫНА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Астанадағы бірқатар полиция нысандары жаңартуды қажет етеді. Осыған байланысты қалалық мәслихат депутаттары елордалық Полиция департаментінің бірқатар стратегиялық нысандарын аралап, жағдайымен танысты.



Алғашқы нысан – Тілендиев көшесінде орналасқан Патрульдік полиция полкінің ғимараты. 1964 жылы салынған 1200 шаршы метрлік бұл нысан ескірген әрі қазіргі заман талабына сай емес. Оның жартысы Төтенше жағдайлар департаментіне тиесілі болғандықтан, полицейлер тар бөлмелерде жұмыс істеуге мәжбүр. Арнайы техника мен жеке құрамға да орын тапшы.

– Қала аумағы ұлғайған сайын полицейлер саны да артып келеді. Қазіргі жұмыс жағдайы талапқа сай емес. Қала әкімдігі Айтматов пен Қорғалжын тасжолы қиылысынан 2 гектар жер бөліп, жаңа типтік ғимарат салу жобасын қолға алдық. Қазір жобалау жұмыстары жүріп жатыр. Сараптамадан кейін депутаттарға сметалық жобаны ұсынамыз, – деді Астана қаласы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полковник Арман Айтмағамбетов.

Келесі нысан – Сарыарқа аудандық полиция басқармасының Агрородок елді мекеніндегі учаскелік пункті. Бұрын бұл бөлімше ескі балабақша ғимаратында орналасқан еді, бірақ апатты деп танылған соң, уақытша басқа жерге көшірілген.

Үшінші нысан – Алаш тасжолындағы 1983 жылы салынған атыс тиірі. Мұнда жөндеу жүргізілмеген, оқу-жаттығулар ескі әдіспен – қағаз нысанаға атумен өтіп жатыр. «Мұнда күн сайын СОБР, арнайы бөлімше және барлық жеке құрам жаттығады. Жылыту жүйесін жаңарту, ғимаратты күрделі жөндеу және техникалық жарақтандыру қажет. Мысалы, атылған оқ нәтижесін монитор арқылы көруге мүмкіндік беретін камера орнату керек» деді мәслихат депутаты, тұрақты комиссия төрағасы Кендебай Адамбек. Оның айтуынша, бастапқы жұмыстарға кететін қаржы шамамен 300 мың теңгеден басталады.

Соңғы нысан – 1961 жылы салынған автокөлік шаруашылығы. Мұнда ішкі тұраққа – 130, ал сыртқы аумаққа 200 көлік сияды. Мұнда арнаулы техника, жабдықтар сақталады. Алайда ғимарат тозып, қабырғалары жарыла бастаған.

– Полиция департаменті басшылығы өз қызметкерлерінің жағдайын жақсарту жолында белсенді жұмыс істеп келеді. Қоғамдық тәртіптің сенімді сақталуы үшін қызметкерлерге қолайлы жағдай жасалуы қажет. Сондықтан бұл мәселелерді шешу – қала қауіпсіздігіне қосылған үлес, – деді Кендебай Адамбек.



Ержан ҚОЖАС

ДӘЙЕКТІ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Кеше ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бастамасымен мемлекеттік қызмет жүйесіндегі адами ресурстарды басқарудың өзекті мәселелеріне арналған халықаралық GovHR форумы өтті.



Бұған БҰҰ өкілі, Катар Мемлекеттік қызмет және кадрлық әлеуетті дамыту бюросының директоры Саиф Аль-Кааби, Моңғолия Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі кеңестің төрағасы Цэдэвсурэн Лхагва, Сьерра-Леоне Адами ресурстарды басқару кеңсесінің бас директоры Ансу Такер, Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет агенттігінің директоры Илс Идрисзода, сондай-ақ АҚШ, Әзербайжан, БАӘ, Қырғызстан, Марокко, Оңтүстік Корея, Өзбекстан, Ресей, Руанда, Сингапур, Түркіменстан сияқты әріптес елдердің уәкілетті орган басшылары мен жетекші мамандары және сарапшылары қатысты.

Іс-шарада Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және

коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың форумның ашылуына орай жолдаған құттықтау хатын оқыды.

Дархан Жазықбай мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуда Президент тілге тиек еткен «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» іргелі қағидаты басшылыққа алынғанын атап өтті. Ал форумның басты тақырыбы мемлекеттік секторда тиімді, адамға бағдарланған басқару жүйесін дамытуға арналды. Сондай-ақ форумда стратегиялық HR-жүйесін қалыптастыру, кадрлық процестерді цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу, жас мамандарды қолдау және мемлекеттік органдардағы басшылардың ролін трансформациялау мәселелеріне басты назар аударылды.

«Бүгінгідей форум алаңы халықаралық байланысты нығайтып, тәжірибе алмасу-

да үлкен мүмкіндікке жол ашады. Әрі тұрақты өткізу арқылы сіздермен жиі бас қосып, ортақ тәжірибе алмасу жұмыстары жалғасады. Бүгін біз адам ресурстарын басқарудың кешенді мәселелерін талқыладық. Тәжірибе мен ғылыми сараптамаға негізделген көп ой ортаға салынып, құнды ұсыныстар айтылды. Бүгінгі форум – тек білім мен тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, озық шешімдерді енгізуге және мемлекеттік қызмет саласында кәсіби қауымдастықты қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болды деп ойлаймын» деді Агенттік төрағасы.

Форумда жаңа кезеңдегі мемлекеттік басқару саласындағы халықаралық тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге негізделген «Public Administration in the New Reality» атты кітап таныстырылды. Бұл кітапқа 19 елден 39 автор қатысса, ал алғашқы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жазған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні. Айтулы күннің тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастау алады. 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ-ның мемлекеттік қызметшісі күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше әр мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды. Бас қаланың мемлекеттік мекемелерінде еңбегі терең біліктілікті, үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін 3604 мемлекеттік қызметші жұмыс істеп келеді.

Индира
БЕРЖАНОВА

2013 жылдың желтоқсанында республикадағы кәсіптік мерекелер тізбесіне толықтырулар енгізу туралы тиісті жарлыққа қол қойылып, келесі жылдың маусым айынан бастап Қазақстанда Мемлекеттік қызметшілер күні аталып өте бастады.

Мемлекеттік қызмет қызметкерлерінің тиімді қызметі кәсіби қызметі – кез келген мемлекеттің жетістігі мен өркендеуі. Сондықтан да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оны жетілдіру мәселелеріне баса назар ау-

бұзушылықтарын төмендетуге, жас мамандарға қолдау көрсетуге, қызметкерлердің лайықты еңбекақысын және мансаптық ілгерілеуін қамтамасыз етуге, халықтың билік институттарына деген сенім деңгейін және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет – бұл уникалды мектеп. Осы мақсатта қазіргі уақытта Президенттік жастар кадр резервінің кезекті төртінші іріктеуі өтіп жатыр. Құжат қабылдау ағымдағы жылдың 1 маусымынан басталды. Аталмыш жоба – Мемлекет басшысы-



даруда. Мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын да атап өткен жөн.

Мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдету мақсатында 2023 жылдың 1 наурызынан бастап «Е-қызмет» ашық порталында қанатқақты жоба енгізілді. Аталмыш жоба – мемлекеттік қызметке іріктеудің оңтайлы тәсілі. Кез келген адамға түсінікті, жеңіл түрде ұйымдастырылған. Оған қоса, жоғары оқу орнын үздік аяқтаған түлектер үшін мемлекеттік қызметке конкурссыз орналасу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл – дипломын енді алған жастар үшін таптырмас мүмкіндік.

Барлық осы институт мемлекеттік қызметкерлердің білігі мен кәсібилігін арттыруға, мемлекеттік қызметтің дербестігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық құқық

ның талантты жастар үшін әлеуметтік лифт болатын жария бастамаларының бірі. Президенттік жастар кадр резерві – білімді, алғыр, бастамашыл, инновациялық ойлай алатын жастарды іріктеуді тұрақты жолға қою арқылы мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынын қалыптастырудың жолы.

Биыл – әлемдік экономикадағы оқиғалардың даму жөніндегі болжамдарды ескере отырып, ел өміріндегі ерекше жыл. Қазіргі дағдарыстың салдарын енсеру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру жауапкершілігі барлық мемлекеттік қызметшіге жүктеледі. Қазіргі қоғамның күтетіні – мемлекеттік және қоғамдық мүддеге әділ және адал қызмет ететін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін елдің дамуына жұмсайтын мамандар.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ



ЕЛОРДА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚЫРАҒЫ НАЗАРДА

23 маусым – Қазақстан полициясының төл мерекесі. Бұл мереке – заң мен тәртіптің, тыныштық пен қауіпсіздіктің қырағы күзетінде тұрған тәртіп сақшыларының еңбегіне, ерлігіне көрсетілген құрмет. Сондықтан мереке қарсаңында ерен ерлік көрсеткен, өз ісіне жауапкершілікпен қараған полицейлер марапаттарға ие болады.

Райхан
РАХМЕТОВА

Полицейлер азаматтарды түрлі қауіптен құтқару кезінде өз өміріне төнетін қатерге қарамай өртеніп жатқан ғимаратқа да кіреді, ұрлау-тонау, адам өлтіру сынды қылмыс кезінде де араша түседі, осылайша қиын сәтте дер кезінде көмек көрсетеді. Тәртіп сақшыларының сол еңбегінің арқасында 2024 жылы елордада кісі өлтіру, тонау, қарақшылық, ұрлық сияқты қылмыстардың тіркелуі азайды. Бұл үрдіс биыл да жалғасып жатыр. Елорда Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Марат Төлебаевтың айтуынша, жыл басынан бері 4 айда қалада қылмыс деңгейін 10% төмендетуге, тиісінше азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заманауи цифрлық шешімдерді белсенді пайдалануға бағытталған заңнамалық бастамаларды күшейту арқасында қол жеткізілді. Сондай-ақ қылмыстың алдын алуда кадрлық әлеуетті арттыру маңызды рөл атқарды. «Полиция қадамдық қолжетімділікте» қағидаты шеңберінде полицейлердің қоғамдық орындарда тұрақты болуының әсері қамтамасыз етіледі.

– Өткен жылы 6 учаскелік полиция пункті мен 3 стационарлық модульдік бекет пайдалануға берілді, жыл соңына дейін тағы 13 ПББ және 3 бекетті іске қосуды жоспарлап отырмыз. Цифрлық жобалар іске асуда, соның арқасында полиция қызметінің бірқатар бағыты бойынша жұмыстың тиімділігі артты. Сыртқы қызмет мамандары заманауи смартфон және планшетпен қамтамасыз етілген, – деді М.Төлебаев.

Сонымен қатар қалалық бейнекамералар желісі кеңейтілуде. Қазіргі уақытта елордада 200 мыңнан астам бейнекамера жұмыс істейді, оның ішінде Жедел басқару орталығына 36 мыңы шығарылды. Олардың көмегімен 3 мыңнан астам қылмыс ашылып, 27 мың әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Бұдан басқа, бейнеаналитика жүйесі – «Уәзір» аппараттық-бағдарламалық кешені пайдаланылады. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ЖБО-да 7 мыңға жуық бейнекамера мен білім беру мекемелерінің 238 дабыл түймесі шығарылды. Сондай-ақ елордада азаматтардың өтінішін көп арналы қабылдау жобасы енгізілді. Бір жыл ішінде 8,5

мыңнан астам өтініш қабылданды, оның ішінде 139 бейнеқоңырау және 8513 мәтіндік хабарлама бар. Астана полициясының басшысы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, аса маңызды міндеттердің біріне айналған киберқылмыспен күреске жеке тоқталды. Бұл



Астана қаласы ПД деректері бойынша бір жыл ішінде 1,5 млн-нан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінде өткен жылы 7 мың бұзақы-жанжалқор әкімшілік жауапкершілікке тартылған, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 3 есе көп

мәселені шешу үшін елордалық ПД-да интернет-алаяқтықтарды ашу және анықтау әдісін жетілдіруге маманданған бейінді басқарма құрылды. Жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмысы интернет-алаяқтық жағдайының төмендеуіне әсер етті. Сондай-ақ Ұлттық банктің базасында заңсыз транзакцияларды анықтауға және жедел бұғаттауға мүмкіндік беретін Антифрод-орталықтың ашылуы интернет-алаяқтықтардың анықталуының артуына ықпал етті. Оған 60-тан астам ұйым, оның ішінде банктер, ірі төлем, микроқаржы ұйымдары және құқық қорғау органдары қосылған. Былтыр 161 адам және киберқылмыскерлердің 3 тобы ұсталды, 1350 интернет-ресурсты бұғаттауға жіберілді, 1116 адам бұғатталды.

– Қазір есірткі заттарын өткізу жаңа деңгейге көтерілді. Есірткі сатушылар интернет-ресурстар мен төлем жүйелері арқылы байланыссыз әдісті қолданады. 238 есірткі сайты бұғатталды. Өткен жылы барлығы 1116 есірткі құқық бұзушылық анықталды. 342 кг есірткі, оның ішінде 23 кг синтетика тәркіленді. 3 мыңға жуық есірткі граффити, оның ішінде қала тұрғындарының қатысуымен жойылды, – дейді департамент басшысы.

Ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алуға және «нөлдік төзімділік» қағидасын құруға қатысты Астана қаласы ПД деректері бойынша бір жыл ішінде 1,5 млн-нан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінде өткен жылы 7 мың бұзақы-жанжалқор әкімшілік жауапкершілікке тартылған, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 3 есе көп.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін мектептерге басшылық, жедел уәкіл, учаскелік инспектор және ювеналды полиция жауапты болып бекітілді. Білім беру ұйымдарына бұзушылықтарды жою туралы 42 ұсыныс жолданды. Алғаш рет кәмелетке толмағандарды қорлағаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді. Жол қозғалысын бақылау кезінде 1,5 миллион әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. «Қорғау» жүйесі жалған өмірлері бар 70 жүргізушіні, 1157-сі жоқ және 340-ы құқығынан айырылған жүргізушілерді анықтады. Айыппұл тұрағына 1830 автокөлік қойылды, 22 мың жүргізушіге әкімшілік құқық бұзушылық бойынша берешек туралы хабарланды. Ekin Patrol интеллектуалды кешендерімен жабдықталған автотпатрульдермен 56 мың жол қозғалысы ережелерін бұзу анықталды.

АЛТЫ ҚЫЗДЫҢ ӘКЕСІ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

Әке – отбасының тірегі, баланың ең алғашқы қорғаны. Ал еліне қызмет етіп, үйінде алты бірдей қыздың әкесі болып отырған азамат ерекше құрметке лайық. Осындай жанның бірі – Астана қаласы Полиция департаменті уақытша ұстау изоляторының кезекші инспекторы Нұртай Садықов.

Нұртай 1990 жылы Сыр өңірінде дүниеге келген. Алдымен колледжде, кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жоғары білім алған. Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, ішкі істер органдарындағы қызметін тылмен жабдықтау басқармасынан бастайды. Қазір ол уақытша ұстау изоляторында кезекші инспектор ретінде қызмет атқарып келеді. Бұл сала шыдамдылықты, тәртіпті және үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Полиция аға лейтенанты ішкі істер органдарында 2010

жылдан бастап еңбек етіп келеді. 15 жылға жуық уақыт ішінде талай сынақтан сүрінбей өтіп, әріптестері арасында сыйлы, басшылық тарапынан сенімді қызметкер ретінде танылған. Алайда Нұртайдың басты жетістігі – шен мен атақтан да биік бір мәртебе. Ол – алты қыздың әкесі. Үлкені небәрі 10 жаста болса, кенжесі – 1 жаста. Бұл – бір жағынан бақыт, бір жағынан үлкен жауапкершілік. Қыз тәрбиелеу – жүректен шыққан мейірім мен даналықты талап ететін ерекше міндет.

Қыздарының тәрбиесіне

ерекше мән беретін Нұртай оларға адалдық пен қарапайымдылықты, еңбекқорлық пен мейірімділікті үйретіп келеді. Олардың әр қадамын бақылап, болашағына бағыт-бағдар беріп отырады. Ол – тек әке ғана емес, қамқоршы, ұстаз, жанашыр тұлға. Әкенің сөзі – тәрбие, ісі – үлгі. Нұртай отбасында мейірімді, сабырлы әке болса, қызметінде қатал тәртіпті ұстанатын офицер. Мұндай азаматтар – елдің тыныштығы мен ұрпақтың тәрбиесін қатар алып жүрген шын мәніндегі батырлар.



Шапағат ӘБДІР

Қолына қалам ұстаған кей ғұлама «Уай, айтыскер ме екен? Жайдақ өлең, қу домбырасын дыңғырлатып, айғайлағаннан басқа ештеңе тындырмайды» деген сыңайлы пікірде. Бұл айтысқа деген таза көзқарас пен шын сыннан гөрі менсінбеушілікке бейім. Ал енді бір топ керісінше жазба поэзияның бетін тырнауға әуес. Олар «қазіргі жастар түсініксіз, ұйқассыз бірдеңелер жазады, не айтып жатқандарын өздері де түсінбейді» деп қолын бір-ақ сілтейді. Дәл осы жерде үшінші тарап – жаңаша бағытта өлең жазып жүрген жастар да қарап қалмайды: «дәстүрлі поэзия дәуірі өтті, жаңа кезеңге аяқ бастық» деп өзіндік шекара сызуға тырысады. Бірақ әдебиет бір адамның жекеменшігі де, бір ауылдың жері де, бір адамның көлігі де емес. Әдебиет – кең әлем, онда құс та бар, қауырсын да бар. Мұндағы сөз әдебиет туралы емес, жалпы поэзия жайлы. Мүмкін мұнда айтыскерлердің өлеңін поэзияға жатқызғысы келмейтіндер бар шығар. Тіпті поэзияның өзін әдебиет емес дейтіндер де табылар. Алайда сөз ол туралы емес. Әңгіменің төркіні айтыс десе ішер асын жерге қойып жиналатын көрерменді оқырманға қалай айналдырамыз деген бағытта.

«Алтын домбыра» мен «Күміс домбыраға» жиналған халық не үшін «Күміс қалам» сияқты дуэльге жиналмайды? Халықтың деңгейін көтеріп, жазба поэзияның оқырманын көбейту үшін не істеп жатырмыз және не істей алмай жатырмыз? Неге жабық өтетін мүшәйраларды жаппай дуэльге айналдырмаймыз? Осы бағытта жауап іздеп көрейік.

Шындығында, мемлекет тарапынан айтысқа да, қалам ұстағандарға да қолдау жоқ емес, бар. «Алаш», «Айбоз» сынды әдеби сыйлықтар табысталып, түрлі деңгейдегі мүшәйралар жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Алайда бір қауым сол мүшәйралардың әділ өтетініне не шүбәлі. Ендеше мүшәйралардың әділетті өту жолы қандай? Бұл сұраққа кейбір әдебиетшілер ол үшін қазіргі сахналық форматтарға бет бұру керек шығар дейді. Мысалы, поэзия дуэльдері жаңа форма ретінде әділ әрі ашық пікірталастың, шығармашылық тартыстың алаңына айналуы мүмкін. Бірақ бір уыс топтың арасында өтіп жатқан поэзиялық сайыстарды жаппай дуэльге айналдыру оңай шаруа емес. Ол көрермені сан мыңдап жиналатын айтыс емес қой әрі оған бөлінетін қаражат пен инфрақұрылым да айтыс деңгейіндегі қолдауға жете бермейді. Сәйкесінше, жазба поэзияға арналған шаралар көбіне тар аяда өтіп, кең қоғам назарына іліге бермейді. Дегенмен бұдан түнілуге болмайды. Себебі әдебиетке деген сұраныс тек қаржыға, сахнаға немесе сыйлыққа ғана тәуелді емес. Ол – ішкі қажеттілік, рухани сұраныс.

ПОЭЗИЯҒА – 100 МЫҢ ДОЛЛАР

Әлемдік деңгейде поэзияға арналған қаржылай сыйлықтар аз емес, олардың кейбірі беделі мен көлемі жағынан Нобель сыйлығына балама ретінде танылып жүр. Солардың бірі – «Ruth Lilly Poetry Prize» (АҚШ-тағы ең беделді поэзия марапатының бірі). 1986 жылдан бері беріліп келе жатқан бұл сыйлықтың қазіргі көлемі 100000 АҚШ доллары және ол өмір бойы поэзия саласында айрықша табысқа жет-

Қоғамдағы пікір алуандығы әдебиет пен өнерде де айқын көрініс табуда. Бірі дініне, бірі тіліне, бірі көзқарасына байланысты кереғар пікір айтып, бірін-бірі терістеп жатқан уақытта әдебиетте де осы секілді қайшылықты пікірлердің болуы заңды. Сондай қайшылықтың бірі айтыскерлер мен жазба поэзия өкілдері арасында болып жатады.

ТЫҢДАРМАНДЫ ОҚЫРМАНҒА ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫРАМЫЗ?



кен ақындарға табысталады. Тағы бір ірі марапат – «Griffin Poetry Prize». 2001 жылдан бері Канадада өтіп келе жатқан халықаралық сыйлық 130000 канадалық долларды (шамамен 100000 АҚШ доллары) құрайды және ағылшын тілінде жазылған немесе ағылшын тіліне аударылған үздік поэзия кітаптарына беріледі. Үшінші атаулы марапат – «Wisława Szymborska Award». Бұл сыйлық жыл сайын Польшада тапсырылады және көлемі 200000 злотыйды (шамамен 50000 АҚШ доллары) құрайды. Ол ең үздік поэзия кітабы үшін беріледі және Еуропадағы беделі жоғары әдеби марапаттың бірі. Ал Қазақстанда қазіргі таңда «Mesanat.kz» платформасы арқылы беріліп жүрген әдеби грант – отандық жазушыларға арналған маңызды қаржылай қолдаудың бірі. Бұл бастама, негізінен, проза жанрына бағытталған және қазіргі көлемі 500 АҚШ доллары шамасында. Аталған грант отандық әдебиетке қаржылай қолдау көрсетудің алғашқы үлгілерінің бірі болғанмен, әзірге поэзия саласын қамтып отырған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, поэзияға да осындай нақты қаржылай мотивация мен сыйақы жүйесі қажет. Себебі поэзия – ұлт руханиятының өзегі, оны қолдау соған сай болуы тиіс. Өзі айтыскер ақын, «Күміс қалам» жыр дуэлі жобасын ұйымдастырушы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері, Шымкент қаласындағы «Қаратау» өнер мектебінің директоры Біржан Байтұовтың пайымынша, анау андай, мынау мындай деп құр сынап отыра бергеннен гөрі ойға алған шаруаны үнсіз атқарып, нәтижесін көрсете білу әлдеқайда маңызды. Ол үшін әдебиет пен өнер саласында нақты қадам, жаңа формат, тың бастама қажет екенін алға тартып, өзі де сөзден іске көшудің жарқын үлгісін көрсетіп жүр.

«КҮМІС ҚАЛАМ» ӘДІЛЕТ АЛАҢЫ МА?

– Поэзия мен айтыс – қазақ сөз өнерінің қос қанаты. Екі түрлі бағытта дамыса да, түпкі мақсаты – халықтың ру-



Соңғы жылдары осы екі дүниенің арасынан өзіндік жол тауып келе жатқан жаңа формат – поэтикалық дуэль. Бұл – жазба ақындардың сахнада бір-біріне өлең арқылы жауап қатып, көрермен алдында өнер көрсетуі. Поэтикалық дуэльде алдын ала дайындалған өлең де болады, кей жағдайда қарсыластың сөзіне экспромтпен жауап қайтару да кездеседі. Бұл тұрғыдан ол айтысқа жақын, алайда тілі мен құрылымы, ішкі поэтикалық өлшемі жазба поэзияға тән

хани сұранысына жауап беру, қоғамдық ойды қалыптастыру, ұлттық дүниетаным мен тарихи жадыны сақтау, жаңғырту. Айтыс – ауызша импровизация өнері, сахналық әрекетке, көрерменмен тікелей қарым-қатынасқа, тапқырлық пен шеберліктің жарысына құрылған поэтикалық бәсеке. Ал жазба поэзия – терең пайым мен көркемдік тұтастықты, стильдік нақыш пен тіл өрнегін басты назарға алатын әдеби шығармашылықтың формасы. Осы екі өнердің аражігін ажырата алмай поэзия – терең поэзияны бәсеке, сахналық диалог, тікелей сезім мәқсаты – жазба поэзияны айтыс ақынның дарынын кең аудитория алдында көрсетуге мүмкіндік беретін алаң. Сонымен қатар бұл жобаның тағы бір маңызды тұсы – жас қаламгерлерді халыққа таныту, олардың өлеңін жұртқа оқыту ғана емес, поэзия-

тың өзіндік ерекшелігін жете түсінбеуден туған сыңаржақ баға. Айтыстағы өлең мен жазба поэзиядағы өлең – поэтикалық мәтін, дегенмен бірдей нәрсе емес. Айтыста «тыңдалатын өлең» алға шығады, яғни оның қабылдануы көрерменнің эмоционалды реакциясына, сахнадағы әрекетке, дауыс ырғағына, орындаушылық шеберлігіне тәуелді. Ал жазба поэзияда «оқылатын өлең» басым, яғни ол жалғыздық пен ойдың, тілдің терең мағынасы арқылы оқырманмен ішкі байланыс орнатады. Сол себепті жазба поэзия мен айтыс бір-біріне баға берудің емес, қатар дамытудың, әрқайсысының өз миссиясын ескеріп, қолдаудың нысаны болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі дәуірдің талғамына, аудиторияның сұранысына сай қалыптасқан жаңа форманың бірі – поэтикалық дуэль форматындағы байқау. Мұндай жобалар бір жағынан жазба поэзияның классикалық қағидатын сақтай отырып, екінші жағынан оның сахналық әлеуетін ашып көрсетеді. Соның бір нақты мысалы ретінде бірнеше жылдан бері өтіп жүрген «Күміс қалам» жобасын атауға болады. Басты мақсаты – жазба поэзияны айтыс немесе шоуға айналдыру емес, керісінше, оны жастар арасында қызықты, көрерменге өтімді ету. Себебі уақыт өзгеріп, көркем туындыны қабылдау формасы да түрленіп келеді. Бұрын поэзияны ақынның шығармашылық кешінен немесе әдеби жиналыстарда жалғыз өзінің оқуынан ұғынса, қазіргі буын поэзияны бәсеке, сахналық диалог, тікелей сезім мәқсаты арқылы қабылдауға бейім. Осыған байланысты дуэль түріндегі поэзиялық формат – поэзияны сахнаға қайта шығару арқылы оның өміршеңдігін арттырудың тың жолы. Біздің «Күміс қалам» жобамыз жазба поэзияның бәсекеге негізделген сахналық формасы арқылы ақынның дарынын кең аудитория алдында көрсетуге мүмкіндік беретін алаң. Сонымен қатар бұл жобаның тағы бір маңызды тұсы – жас қаламгерлерді халыққа таныту, олардың өлеңін жұртқа оқыту ғана емес, поэзия-

ны қоғамдық-мәдени дискурсқа айналдыру. Әр жылдың өз поэзиялық есебі, рухани толқыны, әдеби аурасы болуы тиіс. «Күміс қалам» жобасы осыны жүзеге асырудың бір мүмкіндігі ретінде орнығып келеді. Осылайша, поэзияны жаңаша форматта насихаттау – оның мазмұнын төмендету емес, қайта оны жаңа арнаға шығарып, эстетикалық қабылдау шекарасын кеңейту. Егер бұл формат жүйелі, кәсіби түрде ұйымдастырылып, ақынның мәртебесін көтеруге, шығарманың мазмұнын насихаттауға қызмет етсе, онда ол қазақ поэзиясының рухани кеңістігін жаңғыртатын құбылысқа айналады. Ең бастысы, бұл жоба поэзияның қоғамдағы миссиясын қайта бағамдауға, ақынның рөлін қайта анықтауға және халықтың поэзияға деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді, – дейді Біржан Байтұов.

Ақын, филология ғылымдарының кандидаты Серікзат Дүйсенғазының пайымынша, бір бағытты дамыту үшін екіншісін жоққа шығарып, бір дүниені екіншімен салыстырып отыру – руханиятқа жасалатын қиянаттың бір түрі. Оның айтуынша, қазақ руханиятына пайдалы кез келген бастамаға тең көзқараспен қарап, бөлінбей, бөлектемей, бәрін қатар дамыта берген жөн. Бұл – әдебиет пен өнердегі плюрализмнің, саналуандылықтың басты шарты. Әсіресе қазіргі кезде айтыс пен жазба поэзияны бір-біріне қарсы қою – ескірген түсінік. Керісінше, сол айтыс алаңына жиналатын көпшілік көрерменді жазба поэзияның оқырманына айналдыру жолдарын ойлау керек. Осы бағытта ізденіс пен диалог қажет екенін алға тартқан ақын тек форманы емес, мазмұнды жаңартуға шақырады. Яғни қай салада да бастысы – сапа, шынайылық және рухани тұтастық.

– Соңғы жылдары осы екі дүниенің арасынан өзіндік жол тауып келе жатқан жаңа формат – поэтикалық дуэль. Бұл – жазба ақындардың сахнада бір-біріне өлең арқылы жауап қатып, көрермен алдында өнер көрсетуі. Поэтикалық дуэльде алдын ала дайындалған өлең де

болады, кей жағдайда қарсыластың сөзіне экспромтпен жауап қайтару да кездеседі. Бұл тұрғыдан ол айтысқа жақын, алайда тілі мен құрылымы, ішкі поэтикалық өлшемі жазба поэзияға тән. Поэтикалық дуэльдің тағы бір ерекшелігі – оның әділдігіне халықтың тікелей қатыса алуы. Көрермен ақынның дауысын, дауысының тембрін, оқыған өлеңінің мазмұнын, актерлік қабілетін көріп, өзі бағалай алады. Мұндай формат ақынның халыққа танылуына, оның шығармасының тез таралуына, поэзияның қоғаммен байланысының артуына мүмкіндік береді. Бір жағынан мүшәйраның кәсіби деңгейін, екінші жағынан айтыстың сахналық әсерін бойына жинақтаған бұл жаңа үрдіс қазақ поэзиясын жаңаша қырынан дамытып, әдебиетті сахнаға қайта шығарудың жолын ашып отыр. Сондықтан жалпы мүшәйраның ашық түрде өтуін қамтамасыз ету мақсатында дуэль түрінде ұйымдастырып өткізу әлдеқайда әділетті, әлдеқайда халыққа әсері де жақсы болар еді деп есептеймін, – дейді Серікзат Дүйсенғазы.

ЖАҢА ПОЭЗИЯНЫҢ ТЫНЫСЫ

Мүлдем басқаша форматта өлең жазып, қазақ поэзиясына, жалпы жастар арасында өзгеше леп алып келген Өркен Салубай поэзияның құны тереңде екенін айтады.

– Әлемдік поэзияда ХХ ғасырдың ортасынан бастап еркін форма (free verse) үстем бола бастады. Америкалық Вольт Уитмен, британдық Т.С.Элиот, француздық Гийом Аполлинер секілді ақындар ұйқассыз, ырғаққа емес, ой мен образға негізделген поэзия жазды. Бұл бағыт бүгінгі таңда да жалға- сып келеді. Слэм-поэзия, spoken word, перформативті поэзия сияқты жанрлар туып, сахнада айтылатын поэзия мәдени кеңістікке айналды. Алайда бұл бағыттар әдебиеттегі дәстүрлі формаларды ығыстырған жоқ. Қайта заманауи поэзия – сахна мен кітап, ұйқасты мен ұйқас- сыз, классика мен модерн ара- сындағы теңгерімді іздеп отыр- ған кеңістік. Әлемде поэзия тек оқылатын ғана емес, сезілетін, тыңдалатын, тіпті көрінетін (визуалды поэзия) өнерге айналды. Қазақ поэзиясы да бұл процестен тыс емес. Жаңашыл- дық пен дәстүр арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Дуэль мен сахна формасы поэзияны насихаттаудың құралы бола алады, бірақ оның шынайы мәнін алмастырмауы керек. Өлең – тереңдік, ішкі толғанys, рухани ізденіс. Ол айқаймен емес, тыныштықпен оқылады. Қоғам поэзияның түріне емес, мазмұнына назар аударуды үй- ренуі керек. Поэзия – уақыттың емес, мәңгіліктің өнері. Сол се- беппі ол тек сахнада ғана емес, адам жүрегінің тереңінде де өмір сүруі тиіс, – дейді ақын Өркен Салубай.

Әрине, жаппай поэтикалық жарыстар – слэм, батл, сахналық оқылым сияқты формалар поэзияны драмалық өнермен байланыстырып, эмоциональк әсерге, сөздің ауқымды аудиторияға жетуіне жол ашады. Дегенмен осы форматта кейде поэзия өзінің терең мазмұнынан айырылып, «тыңдаушыға ұнау» үшін жеңіл ырғақ, айқайлы интонация мен әсерлі ұйқастарға ғана сүйеніп кетуі мүмкін. Шын мәнінде, поэзия – сезім мен ойдың нәзік бірлігі. Дуэль үлгісіндегі тартыс оны тек риторикалық қару ретінде көрсетеді. Бұл жерде сөздің салмағы емес, «қалай айтылды?» деген сыртқы форма басым түсіп кетеді. Мұндай беталыс поэзияны белгілі бір деңгейде жеңілдетіп жіберуі әбден мүмкін. Ал қазақ көрермені болғаннан гөрі оқырман болуды үйренсе көп дүниеден ұтқан болар еді.

ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚҰЛШЫНЫС

– Өнерден гөрі өлеңге құштар біздің елде ақын-жазушыларды жұрттың көбі танығанмен, ғылыммен айналысып, көп уақыты зертханада өтетін ғалымдарды біле бермейді. Сондықтан сұхбатымыздың басын еңбек жолыңыздың қысқаша таныстырудан бастағанымыз орынды секілді.

– Мен 1999 жылы «Қытай ұлттық стипендиялық кеңесінің» грантын жеңіп алып, Францияның Руан қаласындағы Ұлттық денсаулық сақтау және медициналық ғылыми зерттеу институтының (Inserm) құрамындағы Клеткалық және молекулалық нейрорэндокринология зертханасында ғылыми қызметкер ретінде жұмысымды бастадым. Осы кезде доктор Тонон және доктор Водри сынды әлемге танымал ғалымдардың жетекшілігімен зерттеулер жүргіздім. 2001 жылдың наурызынан бастап «Бета-амилоидтың жұлдызша нерв клеткаларынан эндозепинді шығаруға әсері: формил 1-пептид рецепторларының рөлі» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, 2004 жылдың қазан айында нейробиология ғылымдарының докторы атандым. Ал Германиядағы ғылыми қызметім 2005 жылдың соңында басталды. Германияның Федералдық білім және ғылым министрлігінің (BMBF) «D-серин арқылы жүзеге асатын синапстық өткізгіштік пен NMDA рецепторына тәуелді синапстық икемділіктің есте сақтау функциясына және неврологиялық ауруларда кездесетін когнитивтік бұзылыстарға әсері» тақырыбындағы ірі жобасына бас зерттеушілердің бірі ретінде шақырылдым. Бұл жоба Росток университетінің Оскар Лангендорф физиология институтында жүзеге асырылып, шамамен үш жылға созылды. 2009-2010 жылдары университеттің екі ғылыми грантын (FORUN) жеңіп алдым әрі 2009 жылы Росток университетінің тұрақты қызметкері болып тағайындалдым. Сондай-ақ Оскар Лангендорф физиология институтында доцент ретінде оқытумен айналыстым. 2011 жылы Германияда «Реактивті оттегі түрлері (ROS) және қартаю динамикасы: митохондриялық көпгенді, көпорғанды тәсіл» атты тағы бір ірі BMBF жобасына қатыстым. Екі елдегі зерттеу жұмыстарымен ғылым жолындағы ізденісіме үлкен жол ашты. Мәселен, Германияда биомедициналық оқыту және зерттеу саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, әлемге танымал ғылыми журналдарда ағылшын тілінде 27 ғылыми мақала жариялап, халықаралық ғылыми конференцияларда бірнеше тілде 35 баяндама жасадым. Сонымен қатар халықаралық 2 ғылыми журналдың сарапшысы, 3 ғылыми қоғамның мүшесі және 3 ғылыми сыйлықтың иегері атандым.

– Қазақстанға қалай келдіңіз?

– «Бір тамса да бикеме тамсын» деген оймен өз елімнің ғылымына үлес қосу үшін 2014 жылдың шілде айында Қазақстанға келдім. Көп ұзамай Назарбаев университетінің «Өмір туралы ғылымдар орталығына» ғылыми жетекші болып тағайындалдым. Қазір, негізінен, биомедицина саласындағы зерттеулерді басқарып, зерттеу жүргізіп жатырмын. Екінші тұрғыдан, шетелде үйренген білімімді, жинақтаған тәжірибемді отандық ғылым мен білім беру жүйесіне енгізуге күш салып жүрмін. Біраз шәкірт тәрбиеледім, олардың алды еліміздің биомедицина саласының дамуына өз үлесін қосып жүр.

Ғылым – адамзат өркениетінің жүрегі, сол жүректің тоқтаусыз соғып тұруы үшін үздіксіз ізденіспен табанды еңбек қажет. Міне, осы қарапайым қағиданы жан-тәнімен сезінетін, ғылымға ғашық жанның бірі – Тұрсынжан ТОҚАЙ. Франция мен Германияда жүйке жүйесінің жұмбағын зерттеп, биомедицина саласында әлемдік деңгейде танылған ғалым 2014 жылы атажұртқа оралып, Назарбаев университетінде зертханалық ізденістермен қатар, шәкірт тәрбиелеп, қазақ ғылымына елеулі үлес қосып келеді. Тұрсынжан Тоқаймен өрбіген сұхбатымыз отандық ғылымның жай-күйі, дәстүрлі медицина мен қазіргі биомедицинаның ықпалдасуы және жүйке жүйесін зерттеудің болашағы жайлы.



ДӘСТҮРЛІ ЕМ ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАМЕН ҮЙЛЕСЕ МЕ?

ҒЫЛЫМҒА ЖҰМСАҒАН ҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙЫРЫ МОЛ

– Елімізде ғалымдарға жасалып жатқан жағдай қалай? Ғылыми зерттеулер жүргізуге қолайлы ма?

– Ғалымдар тиімді жұмыс істеуі үшін екі негізгі шарт қамтамасыз етілуі қажет: бірі – тұрақты қаржыландыру, екіншісі – зерттеу жабдықтары мен қондырғыларға қолжетімділік. Біздің елімізде ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру көлемі жылдан-жылға ұлғайып келе жатқанмен, әлі де қанағаттанарлық деңгейге жеткен жоқ. Жалпы инвестиция мөлшері әлемдік көшбасшы елдермен салыстырғанда жоқтың қасы. Яғни Қазақстан бұл салаға GDP-дің 0,2%-ын ғана жұмсайды, бұл орташа әлемдік деңгейден (-2,5%) айтарлықтай төмен. Көрші елдерде, мәселен, Ресейде бұл көрсеткіш 1,1% болса, Қытайда 2,4%-ды құрайды. Ал қолайлылық жағына келсек, біздің елде ғылымға қажетті барлық қолайлылық жасалған деп айта алмаймын. Зерттеуге қажетті құрал-жабдықтарды, материалдарды және реагенттерді сатып алу өте қиын. Бағасы да қымбат. Біз халықты ғылым-технологияға ынталандыратын, ғылыми зерттеуді көбірек қаржыландыратын, оған тиісті шарт-жағдай жасайтын және оқу-ағартуы ғылымға негізделген елдер қатарына өтуге талпынуымыз керек. Ғылымға бейімделген ел құру өзіміздің дамуына тиімді екені айтпаса да түсінікті.

– Сіз неврология саласындағы зерттеулеріңізде қазақ даласындағы өсімдіктердің емдік қасиеттеріне назар аударып, ермен, жусанды пайдаланып, талма (эпилепсия) ауруларын емдеу әдісін зерттегеніңіз белгілі. Қазақ емішілігін халық арасындағы қарапайым емсектік деп қарайтын Қазақстанда бұл зерттеуіңізге қызығушылық бар ма?

– Әрине, бар, өйткені био-әртүрлілікті зерттеу және одан игіліктену қазіргі заманда үлкен маңызға ие, сондай-ақ ол – ғылыми зерттеулердің жаңа бағытының бірі. Ал дәстүрлі медицина мен қазіргі заман медицинасын тоғыстыру әлемнің көптеген елінде қазірдің өзінде жүзеге асып жатыр. Интегра-тивті медицина ретінде белгілі бұл тәсіл денсаулық сақтау нәтижелерін жақсарту үшін дәлелді дәстүрлі тәжірибелерді заманауи медициналық емдеу әдістерімен біріктіреді. Бұл жайлы көптеген мысалды тілге тиек етуге болады. Қытайда дәстүрлі қытай медицинасы батыс медицинасымен қатар ауруханаларда біріккен, әсіресе ауырғанды басу, қатерлі ісікті емдеу және созылмалы аурулар үшін бұл тәсілдің өнімі өте керемет. Үндістанда Аюрведа мен заманауи медицина қатар қолданылады, шөптік қосылыстар (мысалы, куркума/куркумин) бойынша зерттеулер фармацевтикаға біріктірілген.

– Қазақ дәстүрлі медицинасы мен қазіргі заман медицинасының тоғысуы мүмкін бе?

– Дәстүрлі қазақ медицинасы мен қазіргі заман медицинасының тоғысуға ықтимал бағыттары бар. Мәселен, ақтың (сүт, іркіт, қымыз, шұбат және айран) жалпы денсаулыққа пайдасын алсақ, ішектегі микробиома деп аталатын жай көзге көрінбейтін микробтардың ас қорытуға, төтемелі қуатқа, қалыпты зат алмасуды сақтауға және миға пайдалы екені ғылыми тұрғыдан әлдеқашан дәлелденген. Ал созылмалы ауруды шөптік препараттармен емдеуге келсек, шөп дәрілер және фармацевтикалық препараттардың көбі, яғни 30%-ы заманауи препараттар өсімдік негізіндегі қосылыстардан (мысалы, талдың қабығынан алынған аспирин, қытай медицинасындағы безгекке қарсы артемизинин) шығады. Мұны неге айтып отырмын, сүт өнімдерін қазақ тек тамақ, сусын ретінде ғана емес, әруге дәру



Қазақстанда шөптің түрі өте көп. Дәрі шөпке бай елміз. Тек жусанның 250-ден астам түрі бар. Ал біздің жусанды зерттеуге назар аударуымызға қытайлық Тую Ю деген ғалымның жусанның Artemisia Annua (青蒿) деген түрін пайдаланып, безгек ауруын емдеп, Нобель сыйлығын алғаны себеп болды

ретінде де пайдаланған. Кейбір ауруларды қымызбен емдеген. Қымыздың дайындалуына қарай оны әртүрлі сырқатқа ем ретінде ғасырлар бойы пайдаланып келді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың тағам мәдениетінің өзінде ұлттық медициналық білім жатыр. Енді осы қымбат қазынаны қазіргі заман ғылымы арқылы ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, келешек ұрпақтың да кәдесіне жаратуымыз керек. Ал шөппен емдеуге келсек, қазақ бұрын аурудың көбінің емін табиғаттан тапқан. Біз сол мұрадан көз жазып қалмау үшін оны осы заманғы медицинамен біріктіріп зерттеуіміз керек. Өйткені бұл дәрілер өсімдіктерден алынатындықтан, құрамында химиялық қоспалар аз немесе мүлдем болмайды. Бұл олардың ағзаға жұмсақ

әрі жанама әсері аз болуына мүмкіндік береді. Екіншіден, шөп дәрілердің көбіне ағзаның тек бір мүшесіне емес, бүкіл жүйесіне әсер етіп, иммунитетті күшейту, зат алмасуды жақсарту сияқты кешенді пайдасы бар. Қазақстанда жусан, адыраспан, изен сияқты өсімдік қосылыстары келешекте қант диабеті, ревматизм, жүйке жүйесінің тозуы және психикалық ауытқулар сияқты ауруларды емдеуі немесе емдеудің заманауи әдістерімен бірлесуі мүмкін.

– Қазақ ұлтының дәстүрлі медицинасында әлемді мойындатқан жетістік ретінде қай ерекшелігін жоғары бағалар едіңіз?

– Біз бұрынғының бәрін «дәстүрлі» деп шетке қаға бермеуіміз керек. Бүгінгі медицина аспаннан түскен жоқ, сол халық арасында жинақталған емдеу тәжірибесі негізінде ғылыми дәлелдеуден өткен соң, қолданысқа енді. Демек, біздің де ұлттық құндылықтарымызды ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, әлемдік деңгейде танытатын кез келді. Мәселен, қазақтың генетикалық аурулардың алдын алу жағындағы, яғни жақын туыстар ара некелену мен генетикалық бұзылулардың (соның ішінде туа біткен жүрек ауруларының, бүйрек ауруларының және сирек кездесетін қан ауруларының (гемофилия)) арасындағы байланысқа қатысты жеткілікті ғылыми дәлел бар. Қазақтың жеті атадан аспай қыз алдыспайтын дәстүрі – әлемдік деңгейде ұлықталатын ерекше қасиет. Ғылым да жақын туыстар некеленсе, өмірге сау денелі ұрпақ әкелу қиын екенін әлдеқашан дәлелдеді. Мен ғылым, білім дамымаған дәуірде қан тазалығын сақтауға баса назар аударған ата-бабаларымызды нағыз данышпан деп бағалаймын.

Қазақтың оташылық өнері – халқымыздың дәстүрлі шипагерлік тәжірибесінің бір саласы. Бұл өнер ежелден келе жатқан халық медицинасында ерекше орын алады. Қазақ оташылары бұрын жілігі үгітіліп кеткен адамның аяғына жас ботаның жілігін салып ақаусыз емдеп жазған. Қазіргідей темір салып шегелемей, гипс қатырып қинамай-ақ, сынықты орнына келтіріп, сормакта тартып, шабақтап таңып сауықтырудың өзі үлкен өнер. Мәселен, Қытайдағы әріптесім Жасарат деген дәрігер жамбас сүйектерінің туа бітті шығып кетуін қазақы тәсілмен емдеп, ақаусыз жазады; Тұрсынхан деген сынықшы шор болып қисық біткен сүйекті қазақы әдіспен емдеп, қайта қалпына келтіреді. Міне, осы әдістерді неге бүгінгі емдеу әдістерімен біріктірмеске?! Қытай да

бұған әлдеқашан назар аударып, осы заманғы емдеумен сәйкестіре дамытуда. Меніңше, Қазақстанның емдеу саласы да бұл тәжірибені ескеру керек. Алайда осы дәстүрлі өнердің заманауи медицинамен үндесіп, дамуына бірқатар қиындық-кедергі келтіреді. Біріншіден, дәстүрлі емдеу тәжірибелерінде қатаң клиникалық сынақтардың болмауы олардың қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеуді қиындатады. Сондықтан қазақ оташылығының әдістерін ғылыми тұрғыдан зерделеп, стандарттау қажеттігі туындап отыр. Екіншіден, көптеген халық емінің ғылыми дәлелдері мен фармакологиялық дәлелдері жетіспейді. Бұл да олардың заманауи медициналық жүйеге енгізілуін тежейді. Үшіншіден, қазіргі медицинада дәстүрлі шипагерлік тәсілдерді біріктіру үшін дәрігерлерге арнайы дайындық, қосымша оқу бағдарламалары қажет. Тек осындай жүйелі қадамдар арқылы ғана ата-бабадан жеткен емшілік өнерді бүгінгі ғылыммен сабақтастырып, оны адам денсаулығына қызмет ететін пәрменді құралға айналдыруға болады.

ҚАРА ЕРМЕННІҢ ҚҰПИЯСЫ КӨП

– Қазіргі таңда қандай зерттеулермен айналысып жүрсіз? Соңғы ашқан жаңалығыңыз қандай?

– Бірнеше тақырып бойынша зерттеу жұмысын жалғастырып жатырмыз. Оның бірі – Нидерланд ғалымдарымен бірлесе зерттеп жатқан «Паркинсон ауруын емдеу жайлы жоба» болса, екінші жоба – «Қара ерменмен ми ісіктерін емдеу. Екі зерттеу бойынша біз біраз нәтижеге қол жеткіздік десек болады. Әсіресе, қызыл ерменмен талма ауруын емдеу жайындағы тәжірибеміз өте сәтті. Сосын да біз қазір қара ермен сығындысының эпилепсиямен ауыратын тышқандардың ми жасушаларына болған әсерін жалғасты зерттеудеміз.

Қазық қақсан тал шығатын, шөбін тартсаң май шығатын Қазақстанда шөптің түрі өте көп. Дәрі шөпке бай елміз. Тек жусанның 250-ден астам түрі бар. Ал біздің жусанды зерттеуге назар аударуымызға қытайлық Тую Ю деген ғалымның жусанның Artemisia Annua (青蒿) деген түрін пайдаланып, безгек ауруын емдеп, Нобель сыйлығын алғаны себеп болды. Екіншіден, Германияда халық емшілері қара ерменнің тамырын пайдаланып, талма ауруын емдеген. Осы екі нәрсе – біздің зерттеуді бастауымызға үлкен түрткі. Қазақстанда жусанның түрі көп әрі қуатты болатындықтан, осы өсімдікті зерттеп, эпилепсияны емдеудегі рөлін зерттеп, керемет нәтижеге қол жеткіздік. Келешекте осы ерменнің сығындысынан алған биологиялық белсенді заттарды жалғасты зерттеп, дәрі жасауға құлшынудамыз. Қазірге дейін 3 үлкен сынағымыз сәтті өтті. Көп ұзамай бұл дәрі жасалады деген ойдамын.

Қазақ даласында дәрілік шөптер өте көп. Біз осыған назар аударуымыз керек. Тіпті болашақта Қазақстанда дәрі шөптер арнаулы егілетін еріс алаңдары пайда болуы мүмкін. Қазір Қытайда шөпті салсаң, оның құрамын бірнеше минутқа жеткізбей анықтап беретін аспаптар жасалды. Бізге де осы техникалар керек. Қазақ емшілігінде қолданылатын шөп дәрілердің құрамын ғылыми тұрғыдан талдап, дәрілік қасиетін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, оны осы заманғы емдеу әдістерімен ұштастырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Сұхбаттасқан Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Үстіміздегі жылдың 22 маусымы күні көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлының туғанына 95 жыл толуына орай 1985 жылдың 22 қаңтарынан 1989 жылғы шілденің 25-іне дейін Қызылорда облыстық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, соңыра меңгерушісі ретінде тікелей қызметтес болғандықтан қолыма қалам алып отырмын.

Республиканың ауыл шаруашылығы жүйесінде, Көкшетау, Торғай облыстарын басқарып, Сыр бойына үлкен дайындықпен келген, өзін бірінші хатшы етіп бекіткен, 1985 жылдың 22 қаңтарында өткен Қызылорда облыстық партия комитетінің VII пленум мүшелері Еркін Нұржанұлын ерекше қабылдады. Бұған шын жүректен ризашылық сезімін білдіре отырып, Ерекең Қызылорда облысының экономикасы мен мәдениетінің дамуы, гүлденуі мен оның республикада өзінің атына лайықты орын алуы, алда тұрған үлкен де жауапты міндеттерді шешу, жаңа белестерге шығуы үшін бар күш-жігерін, білімін еш аямайтынын танытты. Облыстың өзіндік ерекшелігі мен жағдайын ескеріп және алда тұрған маңызды әрі ерекше міндеттерді терең түсініп, үлкен жауапкершілік сезімімен жүзеге асыруға тырысатынын білдірді. «Бүгіннен бастап сіздердің қатарларыңызда боламын» дегені қызыл сөз емес, шынайы ықыласы болатын. Оны облыстағы өмірі мен сан салалы қызметі толық дәлелдеді. Ерекең уәде үдесінен шыға білді. Ел де жаңылған жоқ.

Еркін Нұржанұлы өзіне тән іскерлікпен, қажырмен, ерекше дарынмен жаңа облыстағы тірлікке құлшына кірісті. Ең алдымен облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайына терең талдау жасады. Негізінен, ауыл шаруашылығы бағытында ғана дамып келе жатқан облыстың республика деңгейінен кенже келе жатқанынан мына фактілер дәлел бола алады. Облыста шығарылған өндіріс өнімінің көлемі республика көрсеткішінің бір пайызына да жетпейтін. Еңбек ресурстарының төрттен бір бөлігі пайдаланылмады. Әрбір еңбеккердің реалды табысы Қазақстанның орташа көрсеткішінен 1,5 есе кем болды. Тұрғындардың азық-түлік өнімдерін пайдалануы да төмен еді. 1984 жылы облыс халқы, Ленинскіні қоспағанда, 30 келі ет жеңді, ал тиісті норма 65 келі болатын. Осындай облысты тығырықтардан шығарудың сан салалы тиімді жолдарын жалықпай іздеді. Тапты. Сыр бойына Мәскеудің назарын бұрып, аймақ үшін маңызды-маңызды 5 қаулы-қарар қабылдап қызды. Оның ішінде мынандай бірер құжатты атай кеткен артық болмас: 1986 жылғы 25 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету шаралары туралы», 1988 жылы 19 қыркүйекте СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Арал теңізі аймағындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту шаралары, осы бассейндегі су және жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды күшейтудің тиімділігін көтеру туралы» қаулылар.

Облыста республикалық деңгейде жиын өткізіп, оған көрші республика басшыларын қатыстырып, Арал қасіретін айқындай түскен болатын. Осындай қажырлы жұмыстардың арқасында Арал теңізінің проблемасы бүкілодақтық деңгейге шығып, өңір «экологиялық апат аймағы» деген мәртебеге ие болды. Бұл белгілі жағдайда еңбек адамының жалақысына 15 пайыздық қосым-



ҚАЙСАР ҚАЙРАТКЕР ЕДІ

ша үлес әкелді. Облыстың үшінші категориядан екіншіге өтуі де елеулі оқиға еді.

Жезқазған өңіріне жататын «Құмкөл» мұнай кенішіне қарасты аймақты Еркін Нұржанұлының облыстың пайдалануына ұзақ жылға жалға алу туралы келісімге қол жеткізуінің Сыр бойы халқының әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін көтеруге қаншалықты пайдасы болғанын қазір дәлелдеп жатудың өзі артық. Облыста мұнай өнімін өндіру үшін геологиялық барлау жұмысы тиянақты жүргізіліп, 1988 жылы алғашқы өнімге қол жеткізілді. Сол кездері іске кіріскен, өңірдің экономикасында өзіндік оны бар «Шалқия» кенішін, аэропорт, жүздеген тұрғын үй, т. б. деп жалғастыра беруге болады. Иә, айта берсең, толып жатыр. Осыларды жүзеге асыру тек Ерекең сияқты ерлердің ғана қолынан келетін еді. Мұның бәрі жұртшылықтың көңіл күйін де ерекше көтергені белгілі.

Ол кадр саясатына ерекше көңіл бөліп, бұл мәселе арнайы облыстық партия комитетінің пленумында қаралды. Кадрлар арасындағы парақорлық, пайдакүнемдік, жағымпаздық, қоғам мүлкін талан-таражға салу, жағымсыз қылыққа бейім-деле қою, өз абыройын өзі түсіру қатты сынға ұшырады. Салтанатшылдықпен, жетістіктерді далитып көрсету, кемшіліктерді жасыру фактілерімен аяусыз күрес жүрді. Тәртіп бұзушыларға жариялылық жасалып, сын және өзара сынның дамуы үшін объективті жағдай жасалды. Төменнен бақылау күшейді. Алғашқы екі жылда 200-ден астам облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің номенклатурасындағы басшы

“

Әділетсіздікке қасқайып қарсы тұратын, өзінің адами, өршіл тамаша қасиеттерімен көптеген замандасынан жоғары тұрған, биік мінберлерде лауазымен есептесе бермейтін Ерекеңнің тұлғасында адалдық пен әділеттік ерекше байқалатын

кадрлардың жұмыстан босауы бұған дәлел бола алады. Бірақ ешкімге артық қиянат жасаған да, жасаттырған да емес.

Тарих талай дәлелдеген халық арасында болу оны басқарудың төте жолына апаратынын жақсы білген Ерекең облыс алдындағы міндеттерді жүзеге асыру бағытында көпшілік арасында көбірек болып, облыстың жағдайын тереңірек білуге, өз мақсатын кеңінен түсіндіруге тырысты. Бұл үшін сол кездері қалыптасқан жұмыс нысандарын тиімді пайдалануға ұмтылды. Өзі сайланған қаңтар айынан жыл аяғына дейін 50-ден астам кездесуде болып, сөз сөйледі. Әр айдың бесінші жұма күндері «Бірыңғай саяси күндер» және ай сайын «Малшылар күні», сондай ақ «Ашық есік күндері» өтіп, барлық аудандық, облыстың деңгейдегі бірінші басшылар еңбек ұжымдарында болып, жағдаймен танысып, жұртшылық ал-

дында есеп беріп жүрді. Осылай халықпен, активпен жолығудың түрлі жолын, өңірді басқарудың өзіндік жаңаша стилін енгізіп, жаңа амал-тәсілдерді қалыптастырды.

Облысқа жаңа басшының келуімен сан жылғы тоқыраудан шаршаған халықтың арыз-шағымы обкомға қардай борады. Мысалы, 1985 жылы өткен жылмен салыстырғанда шағымданушылар қатары 4,4 есе көбейді. Жұртшылық үніне сергек Ерекең бір арызды толық оқымай, ешкімге тапсырма бермейтін. Оны арыздардағы негізгі мәселелердің асты қара сиямен сызылғанынан байқайтынбыз. Мәселелері жергілікті жерде шешіліп жатқан соң жұртшылық Мәскеу, Алматыға хат жолдауды күрт азайтты. Арыздардың басым көпшілігі шешімін тауып жатты. Оны үгіт-насихат бөліміне қатысты хаттардан байқадым. Әрине, осы сәтті пайдаланып қалғысы келгендер де болмай қалмады. Алайда олар дегеніне жете алмады.

Еркін Нұржанұлы намысшыл басшы еді. Әсіресе, облысқа қатысты мәселеге аса жауапкершілікпен қарайтын. Өзі көбіне заман талабына сай орысша сөйлеп жүргенімен, ұлттық қасиеті басым, халықшыл қайраткер болатын. Ол кезде қазақтың орысша сөйлеуіне жұртшылық елең ете қоймайтын. Мұндай сәнді бұзғысы келмей жүргендер әлі баршылық қой. Бірақ Ерекеңнің ұлттық рухы биік екені, азаматтық намысы айқын байқалатын.

Берісі облыс, әрісі республика үшін жер кіндігі Төре-там өңірі әскери, ғылыми-техникалық сынақ полигоны болып, табиғаттағы тепе-теңдікке әсер еткені белгілі. Бірақ мұны Сырға келген мәскеуліктер көріп, біліп жүрсе де мойындай қоймады. Орталық, негізінен, әскерилердің жағдайын жасап, жергілікті халықпен санаспады. Сондай фактілердің бірі Байқоңырдағы әскерилер канализацияның суын Сырдария өзеніне ағызып жібергенде, Ерекең Мәскеуден, Ленинскіден шақыртқан кеудесіне нан пісетін генералдарды қабылдау бөлмесіне топырлатып қойған болатын. Бұл мәселе арнайы обкомның бюросында қаралып, оған Мәскеуден келген комиссия да қатысты.

Әділетсіздікке қасқайып қарсы тұратын, өзінің адами, өршіл тамаша қасиеттерімен көптеген замандасынан жоғары тұрған, биік мінберлерде лауазымен есептесе бермейтін Ерекеңнің тұлғасында адалдық пен әділеттік ерекше байқалатын.

Ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай оқыған, тәрбие көрген адамның барлығы зиялы емес, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналғандарды ғана зиялы, ал ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады деген болатын. Осылай ойлай алсақ, зиялылықты мемлекеттік деңгейге көтерген қайраткер, адал басшы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков туралы сөзімді қазақтың айтулы ақыны Кәкімбек Салықтыұты мына өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

*Ер еді той
Еңбек етсе міні жоқ,
Қатал деме,
Еккен нәзік гүлі көп.
Сан айқасқа атой
салып кірісті,
Ары таза кемеңгердің
бірі боп...*

Ерекең туралы бұдан артық айту қиын да шығар.

**Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдар докторы,
профессор**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІНІҢ САҚТАЛУЫ – БАҚЫЛАУДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі – заңдылықты сақтау, қызмет алушылардың құқығын қорғау, жеке тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері үшін де көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді ұсыну кезінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметіндегі ашықтықты қамтамасыз ету.

Осы орайда, департаментпен заңды тұлғаның «Мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылуына қатысты шағымы келіп түскен.

Қызмет алушымен аталған қызметті алу үшін «электронды үкімет» порталы арқылы өтінім берілген, алайда заңнамамен көзделген мерзімде қызмет көрсетілмеген.

Шағымда көрсетілген фак-

тілер бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалында жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, нәтижесінде шағымданушының аталған қызмет түрі бойынша қызмет көрсетіліп, азаматтық құқығы қалпына келтірілді.

Егер де сіздің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығыңыз бұзылған жағдайда, департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша түрде немесе электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» бірыңғай платформасы және «EgovKzBot2.0» Telegram-бот арқылы «Үкiлеттi органға өтiнiш» бөлiмiнде жүгiне аласыз.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУЫ – АЛДЫН АЛУДЫҢ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Мемлекеттік органдар қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің аумақтық органы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауын жүргізу бойынша жоспарлы жұмыс атқаруда.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы – бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жағдай жасайтын себептер мен шарттарды анықтауға бағытталған жүйелі және жоспарлы қызмет. Талдау барысында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер, ішкі регламенттер, есептік құжаттар, сондай-ақ аудиттік іс-шаралар барысында алынған мәліметтер негізге алынады.

Талдау процесінде әкімшілік рәсімдердің осал тұстарын, ашықтық, объективтілік және есептілік қағидаттары-

ның сақталуын, ішкі бақылау тетіктерінің жеткіліктілік деңгейін зерделеуге басымдық беріледі. Бұл жұмыс ұйымдардың жедел қызметіне араласусыз және аумақтық органның құзыреті шегінде ғана жүзеге асырылады.

Талдау қорытындысы бойынша анықталған тәуекелдер мен тиісті тұжырымдар көрсетілген қорытындылар дайындалып, белгіленген тәртіппен жоғары тұрған органға жолданады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауы алдын алу сипатында жүргізіліп, мемлекеттік басқару саласында тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл жұмыс жүйелік кемшіліктерді уақытылы анықтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және мемлекеттік органдар қызметіне деген қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар келесі сұрақтар бойынша өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) «Есіл» ауданы, Мәңгілік ел және Қабанбай батыр даңғылдарының қиылысу ауданында орналасқан жер учаскесінде, «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көпәтерлі тұрғын үй кешені» объектісінің 1-9 қабаттылығын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу, тапсырыс беруші «NM-City-2» ЖШС

2) «Есіл» ауданы, Ұлы дала даңғылы, Е564, Е540, Е567 (жобалық атаулар) көшелері ауданында орналасқан жер учаскесінде, «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көпәтерлі тұрғын үй кешені» объектісінің 4 қабаттан 9 қабатқа дейін объектісінің қабаттылығын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу, тапсырыс беруші «Қыран құрылыс КЗ» ЖШС.

3) «Есіл» ауданы, ТМ-41, ТМ-3 (жобалық атаулар) көшелерінің қиылысу ауданында орналасқан жер учаскесінде «Паркінгі бар көпәтерлі

тұрғын үй» объектісінің 5 қабаттан 9 қабатқа дейін қабаттылығын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Shanyrak Stroy Astana» ЖШС.

4) «Есіл» ауданы, әл-Фараби даңғылы, ФА-17, ФА-1 (жобалық атаулар) көшелерінің қиылысу ауданында орналасқан жер учаскесінде «Қызмет көрсету объектілері, коммерциялық үй-жайлары және паркінгі бар көпәтерлі тұрғын үй» объектісінің 5 қабаттан 9 қабатқа дейін қабаттылығын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «МДК 7» ЖШС.

5) «Есіл» ауданында, Хусейн бен Талал және №38 көшелердің қиылысу ауданында орналасқан жер учаскесінде 4 қабаттан 9 қабатқа дейін «Паркінгі бар көпәтерлі тұрғын үй» объектісінің қабаттылығын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Алатау Строй КЗ» ЖШС

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 15 шілде сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде p.seitzhargarov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.



КҮЙ ҚҰДІРЕТІН ТАНЫТҚАН ТУЫНДЫ

Жуырда қазақ әдебиетінің классигі Әбіш Кекілбаевтың «Күй» хикаятының негізінде Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында тарихи драманың премьерасы өтті.

«Күй» – күрделі туынды. Жазушының әлем оқырмандарына белгілі «Дала балладалары» цикліне енген бұл шығармасының құндылығы мен қуаты бүгінгі күннің талап-тілектеріне де толыққанды жауап бергендей. Адайлар мен түркімендер арасындағы итжығыс, «жер дауы мен жесір дауы» көрші қонған екі елді біраз жыл сарсаңкесек әбігерге салған-ды. Азаматын жоқтап аза тұтқан ағайын; көзі жәудіреген жарын, құлдырандап алдынан жүгіре шығатын сәбиін қимастықпен атажұртына тастап, жорыққа аттанатын жаужүрек батырлардың алдын не күтіп тұрғаны белгісіз талайлы тағдыры; бірде түркімендер, бірде адайлар жеңіске жетсе де түбектегі жұрттың тұрақты тыныштыққа қол жеткізе алма-



уы; барымта, өрістің тарылуы... хикаятта осы секілді оқырманға бұрыннан мәлім толып жатқан жанды эпизодтар сахна тіліне

көшіріліп, көрерменді тосын толғанысқа жетелейді. Қазақ батыры Дүйімқарадан кек алмайынша шыбын жаны тыныш

таппайтын түркімен Жөнейіттің образы сахнада шынайылығымен көпшілік көкейінен шықты. Кенже ұлы Дәулеттің өлімі, аңға шығып жайбарақат жүрген Күйшінің қолға түсуі, Күйші мен Жөнейіттің іштей психологиялық арпалысы, қолы қылыш сабынан босамаған түркімен батырының ақырында өмір бойы «жау, жау шаптылаған» тірлігінің түкке алғысыз екендігін түсініп, күйдің сарынына сынып бас иіюі, мына жалған дүниеде өнерден артық құдіреттің жоқтығына көзін жеткізіп, мойындауы – көрерменді оқыс ойлануға итермелейді, бұл жағдайдың бүгінде өзектілігін жоймағандығын дәлелдейді.

«Күй» – жазушының әлемдік әдебиет ағымына тосын әрі толғақты тақырып мәңгіұрт, мәңгіртизмнің негізін қалаған және аузы дуалы дүйім ел құрметтеген қаламгерлер үздіксіз айтып жүргендей, сан тілге аударылып, өз оқырмандарын тапқан айтулы туындысы. Сахнада да ақыл-есінен айырылып, қайдан шыққанын, ата-бабасының кімдер екенін білмей, малмен бірге өріп, малмен бірге тірлік кешкен мәңгіұрттер бейнесі де толымды штрихтармен толыға түсті. Режиссерлік шешім, оркестрдің ойнақы әуені, көздің жауын алатын жалт-жұлт еткен сәулелер, ат тұяғының дүрсілі, Күйшінің басын қылтитып торға қамалуы – жарасымды үйлесім, әдемі үндестік тапқан. Жөнейіт, Күйші, Мәмбетпана, Аннадүрді, Адай би, Көкбөрі, Дәулет бейнелерін сомдаған театр әртістерінің шеберліктері жайлы театр мамандары алдағы уақытта айта жатар.

Екі күндік премьера аншлаппен өтті. Күрделі шығарманың айтар ойы мен негізгі түйінін шашау шығармай, сахнаға жанкештілікпен шығара білген белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Жұманиязовтың еңбегі көрермен алғысына бөленді. Шығарманың инсценировкасын жазған белгілі жазушы Қуаныш Жиенбайдың режиссермен түсіністік жағдайда, шығармашылық тұрғыда жұмыс істегені онық аңғарылып тұрды.

Шарапат ӘЛИСҰЛТАН

СӨЗ БЕН ӘУЕН ҮЙЛЕСІМІ

Елордадағы «Синтез» театрында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының ұйымдастыруымен «Сөз бен әуен» атты әдеби кеш өтті.



Іс-шарада Ұмтыл Зарыққан, Шерхан Талап, Саян Есжан, Наурызбек Сарша, Толқын Қабылша, Рауан Қабидолда, Айзада Рахымжанова, Ажар Ерболған, Ділдә Уәлибек, Аружан Яхуда, Әмина Адайхан секілді жас ақындар өлең оқыды. Көрермен ретінде келген Мұхарбек Жәкейұлы мен Сәнді Ақылай да жырларын төкті.

Сөз бен саз үйлескен кешті «Астана бэнд» ансамблі музыкамен көркемдеді. Кешке Музыкалық жас көрермен театрының әншісі Сұлтан Кеңшілік қатысса, кештің режиссері әрі жүргізушісі Мұхтар Диханәліұлы болды. Қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының бас маманы Гауһар Елембаева сөз сөйледі.

«Ең ұлы ақын – жас ақын» дейді Ұлықбек Есдәулет Маралтайға арнаған өлеңінде. Біз сол «ұлы ақындардың» аяқ алысына сүйсініп отырдық. Жастықтың аты жастық қой, шіркін, максимализм де, кейбір кедір-бұдыр да жарасып тұрады. «Синтез» – өте әдемі театр. Нағыз ақындар бас қосатын жер» деген Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының директоры, белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы да өлеңдерін оқыды.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы «Күйшілер шеруі» атты дәстүрлі өнер кешін ұсынды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Күйден қазақтың жаны, дүниетанымы көрінеді. Кешегі ойранға толы отызыншы жылдары талай күйшінің қуғын-сүргінге ұшырап, атылғаны – соның айқын айғағы. Кеңестік саясат қазақты ұлттық болмыстан ажырату үшін сондай қадамға барды. Бірақ күй өлмеді, сол заманнан аман-есен осы күндерге жетті. Бүгіндері төкпе және шертпе болып бөлінетін бірнеше күй мектебі қалыптасты. Аталмыш кеште сол мектептерге жататын күйлер ұсынылып, ұлттық өнер салтанат құрды. Бір сахнада күйді дәріптеп жүрген аға буын өкілдері мен жастар тоғысып, әралуан бағыттағы күйлерді бебеулетті. Күй басын осы кешке құрметті қонақ болып шақырылған Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдік

бастап берді. Көзі қарақты жұртшылық қаламгердің күйші екенін де біледі. «Күй – ұлттық сананың бір бөлігі. Шертпе пен төкпе күйлердің бірігуі – ұлттық сананың тұтастығының белгісі. Қазақтың жанын түсіну үшін күй тыңдау керек» деген жазушы Қазанғаптың «Кіші Қаратөс» күйін тартып, шеберлігін танытты.

Қазақта домбыра күйлері ғана емес, қобыз бен сыбызғы күйлері де бар. Бұл кештің бір ерекшелігі, күймен қатар кезінде Болат Сарыбаев ұлтмызға оралтқан көне аспаптар да дәріптелді. Домбырамен бірге шаңқобыз, сыбызғы, сазсырнай, жетіген үні құлақ құрышын қандырды. Халық күйлерінен бастап Кетбұқа, Қорқыт, Асан қайғы, Тәттімбет, Қазанғап, Есір, Ықылас, Қожеке, Сайдалы Сары Тоқа, Дина Нұрпейісова, Аққыз (Мүгүлсім) Ахметқызы, Нұрғиса Тілендиев, Қуат Шілдебаев, басқа да ана замандарда өткен күйшілермен қатар бүгінгі



күйші-композиторлардың шығармалары ұсынылды.

Қазақта домбыраның да неше түрі бар. Осы кеште кезінде белгілі күйшілер ұстаған домбыралардың жаңғырған нұсқасы сахнадан күмбірледі. Қойдың ішегін тағып, бұл аспаптардың көшірмесін Бабыр Арғынов жасады.

Сондай адай домбырамен Мәдениет саласының үздігі Жұмабек Қадырқұлов Есірдің «Жалдықара» күйін төкті. Кешті жүргізген дәулескер күйші, ұстаз, өнертанушы К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай кер заманда атылған Айдостың Сембегінің

домбырасының көшірмесімен «Наз қосбасар» күйін шертті. К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің докторанты Рүстем Нұркенов үш ішекті домбырамен Абайдың «Тор жорға» күйін тартты. Кеш қонақтары ретінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Мұхаметжан Тілеуханов, Әлқуат Қазақбай мен Бақытжан Дүйсенғазинов, Динара Нұрбаева, Мәдениет саласының үздіктері Болат Тәкішов, Батырлан Әбенев, Өнертану ғылымдарының PhD докторлары Ардаби Мәулетұлы, Айттолқын Тоқтаған қатысты. «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының бір топ солистері кештің биік дәрежеде өтуіне атсалысты.

Кештің тағы бір қонағы, танымал музыкант, мемлекет және қоғам қайраткері, ICTMD Дәстүрлі музыка және би бойынша халықаралық кеңестің елшісі Дүйсен Қасейінов Құрманғазы консерваториясының ректоры және ТҮРКСОЙДЫҢ бас хатшысы кезінде ұлттық өнердің дәріптелуіне үлкен үлес қосты. Ол күй құдіреті туралы сөз сөйлеп, сый-сыяпат жасады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 72 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ